

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 мамырдағы N 434 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 45 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 45 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 50, 648-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында :

1) бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасының бүкіл мәтіні бойынша 250, 350 және 465 бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мынадай редакцияда жазылсын :

"250 Облыстың Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен табиғи апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру департаменті (басқармасы) "

350 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Жұмылдыру дайындығы , азаматтық қорғаныс, авариялар мен табиғи апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру департаменті (басқармасы) "

465 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі " ;

02 "Қорғаныс" функционалдық тобында:

1 "Әскери мұқтаждар" кіші функциясында:

678 "Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 005 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын :

"005 Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету";

05 "Денсаулық сақтау" функционалдық тобында:

5 "Медициналық көмектің басқа түрлері" кіші функциясында:

353 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Денсаулық сақтау департаменті (басқармасы)" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша 012 "Төтенше жағдайларда халыққа медициналық көмек көрсету" бюджеттік бағдарламасы бойынша 101 "Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары" кіші бюджеттік бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

"101 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық ж а б д ы қ т а у б а з а л а р ы " ;

9 "Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер" кіші функциясында:

226 "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 104 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"104 Нашәқорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес";

07 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобында:

1 "Тұрғын үй шаруашылығы" кіші функциясында:

373 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Құрылыс департаменті (басқармасы)" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

017 "Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру" бюджеттік бағдарламасы 011 "Бағдарламаны республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттер есебінен іске асыру" және 015 "Бағдарламаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асыру" кіші бюджеттік бағдарламаларымен бірге алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 008 бюджеттік бағдарламасы мен 011 және 015 кіші бюджеттік бағдарламалары бар 371 бюджеттік бағдарламалардың әкімшісімен толықтырылсын:

"371 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Энергетика және коммуналдық шаруашылық департаменті (басқармасы)

008 "Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және ж а й л а с т ы р у

011 Бағдарламаны республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттер е с е б і н е н і с к е а с ы р у

015 Бағдарламаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асыру";

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" ф у н к ц и о н а л д ы қ т о б ы н д а :

1 "Ауыл шаруашылығы" кіші функциясында:

375 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Ауыл шаруашылық атқарушы органы" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша 010 "Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету және салу бюджеттік бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

"010 Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету" ;

462 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылық бөлімі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша 003 "Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету және салу" бюджеттік бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

"003 Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету" ;

6 "Жер қатынастары" кіші функциясында:

614 "Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 100 кіші бюджеттік бағдарламасы бар 112 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"112 "Электрондық үкімет" құру

100 Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру" ;

463 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 006 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"006 Аудандық маңызы бар қалалар, қаладағы аудандар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру" ;

13 "Басқалар" функционалдық тобында:

1 "Экономикалық қызметтерді реттеу" кіші функциясында: мынадай мазмұндағы 007 бюджеттік бағдарламасы бар 220 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"220 Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрілігі

007 Қаржылық сілкіністерді ерте табу, аумақтық дамуды жоспарлау жүйесін құру және қаржы-экономикалық сектор қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру" ;

9 "Басқалар" кіші функциясында:

120 "Облыс әкімінің аппараты" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі 006 "Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту" бюджеттік бағдарламасымен бірге алынып тасталсын;

121 "Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі 006 "Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту" бюджеттік бағдарламасымен бірге алынып тасталсын ;

122 "Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты" бюджеттік

бағдарламалардың әкімшісі 003 "Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту" бюджеттік бағдарламасымен бірге алынып т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 005 бюджеттік бағдарламасы бар 257 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"257 Облыстың қаржы департаменті (басқармасы)
005 Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту";

мынадай мазмұндағы 012 бюджеттік бағдарламасы бар 356 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"356 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың Қаржы департаменті (б а с қ а р м а с ы)

012 Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту";

мынадай мазмұндағы 014 бюджеттік бағдарламасы бар 452 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"452 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Қаржы бөлімі
014 Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту";

220 "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі" бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша:

007 "Қаржылық сілкіністерді ерте табу, аумақтық дамуды жоспарлау жүйесін құру және қаржы-экономикалық сектор қызметкерлерінің кәсіби деңгейін жоғарылату" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

2) бюджеттік шығыстардың экономикалық сыныптамасында:

1 "Ағымдағы шығындар" санатында:

3 "Ағымдағы трансферттер" сыныбында:

310 "Заңды тұлғаларға берілетін ағымдағы трансферттер" ішкі сыныбында:

"Атауы" бағанындағы 311 "Заңды тұлғаларға берілетін субсидиялар" ерекшелігінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"311 Шаруа (фермер) қожалықтарына және заңды тұлғаларға берілетін с у б с и д и я л а р " .

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

